## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы N 30 қаулысына өзгеріс пен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 3 наурыздағы N 246 Қаулысы

"Орталық және жергілікті мемлекеттік органдарда, холдингтерде, ұлттық компанияларда, әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорацияларда әкімшілік шығыстарды қысқарту жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Президентінің 2008 жылғы 30 желтоқсандағы N 289 өкіміне сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. "Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі Т.М. Досмұхамбетовті Мадрид (Испания Корольдігі) және Женева (Швейцария Конфедерациясы) қалаларына іссапарға жіберу туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2009 жылғы 21 қаңтардағы N 30 қаулысына мынадай өзгеріс пен толықтыру енгізілсін:

тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"Қазақстан Республикасының Туризм және спорт министрі Т.М. Досмұхамбетовтің басшылығымен Қазақстан Республикасының делегациясын Мадрид (Испания Корольдігі) және Женева (Швейцария Конфедерациясы) қалаларына іссапарға жіберу туралы";

мынадай мазмұндағы 1-1-тармақпен толықтырылсын:

"1.1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының делегациясы 2009 жылғы 26 қаңтар - 2 ақпан кезеңіне Мадрид қаласына (Испания Корольдігі) іссапарға жіберілсін".

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасының*
*Премьер-Министрі К. Мәсімов*

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2009 жылғы 3 наурыздағы
N 246 қаулысына
қосымша

### Мадрид қаласына (Испания Корольдігі) іссапарға жіберілетін Қазақстан Республикасы делегациясының құрамы

| | |
|---|---|
| Никитинский Евгений Сергеевич | - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Туризм индустриясы комитетінің төрағасы |
| Кәкен Қарлығаш Ғазизқызы | - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті төрағасының орынбасары |
| Булатова Светлана Юрьевна | - Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігінің Туризм индустриясы комитеті Имиджді қалыптастыру және туристік қызметті алға жылжыту басқармасының бас сарапшысы |

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК